

АҚПАРАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

Ақпараттық құқықтық қатынастардың жіктелуі ақпарат саласындағы ақпараттық үрдіс барысында субъектілердің тәртібін талдау негізінде жүргізілуі мүмкін. Ақпараттық құқықтық қатынастардың негізгі топтарын қарастырайық.

1. Ақпаратты, ақпараттық ресурстарды, ақпараттық өнімдерді, ақпараттық қызмет көрсетулерді іздеу, қабылдау және қолдануды жүзеге асыру кезінде пайда болатын ақпараттық құқықтық қатынастар сондай құқықтар мен міндеттер ақпараттық саланың аттас облысында қызмет ететін ақпарат қолданушыларында және ақпаратты, ақпараттық ресурстарды, ақпараттық өнімдер мен ақпараттық қызмет көрсетулерді өндірушілерде пайда болады.

Субъектілер — ақпаратты пайдаланушылар, осы салада әрекет ете отырып, қабылдау тәртібі ерекше реттелетін рұқсаты шектелген ақпаратты қоспағанда ақпараттың кез келген түрін және нысанын алуға және іздеуге өзінің конституциялық құқығын жүзеге асырады. Олар ақпаратта өндіру және тарату бойынша (бұл ең алдымен мемлекеттік құрылымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары) өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін әрекет ететін ақпараттық объектілерді, ақпаратты өндірушілермен, сонымен қатар ақпаратты өндіруші — шығарма авторлары немесе ақпараттық объектілерді меншіктенушілермен құқықтық қатынасқа түседі.

Сонымен бірге, ақпаратты пайдаланушылар қабылданған ақпаратты заңсыз қолданғаны үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және құқықтық жауапкершілікке ие болады.

2. Ақпаратты, ақпараттық ресурстарды, ақпараттық өнімдерді, ақпараттық қызмет көрсетулерді өндіру, беру және тарату кезінде пайда болатын ақпараттық құқықтық қатынастар ақпаратты өндіру, беру және тарату кезінде пайда болатын құқықтар мен міндеттердің ерекшелігі мен сипаты көбінесе өндірілетін ақпараттың ұсынылу түрімен және нысанымен анықталады. Ақпараттың келесі түрлерін ажыратуға болады:

Ашық ақпарат азаматтық-құқықтық қатынас ретінде (әдеби және ғылыми шығармалар, патенттер мен авторлық куәліктер, деректер базасы мен банкісінің ақпараттық ресурстары, өнімдер және құрамды шығарма нысанындағы қызмет көрсетулер, шығармашылық тәртібі немесе пайда түсіру мақсатында құрылатын басқа ақпарат).

Бұқаралық ақпарат (халықты ақпараттандыру мақсатында БАҚ және ғаламтор арқылы дайындалатын және таратылатын ақпараттық сипаттағы хабарламадан тұратын ақпарат, сонын ішінде тұтынушыларға ұсынылатын заңды және жеке тұлғалардың көрсететін қызметтері мен өндіретін тауарларының жарнамасы).

Ресми құжаттар (зандар, сот шешімдері, заңдық, әкімшілік және соттық сипаттағы басқа да мәтіндер, сонымен қатар олардың ресми аудармалары).

Міндетті түрде ұсынылатын құжатталған ақпарат (құжаттардың міндетті бақылау үлгілері, есеп құжаттарындағы ақпарат, статистика органдарына ұсынылатын құжаттардың мәліметі, салықтық тіркеулік және осы тектес басқ ақпарат).

Қол жетімділігі шектелген ақпарат (мемлекеттік құпия, коммерциялық құпия, сонымен қатар жеке деректер және т. б.) әр түрлі субъектілермен қызметтік міндеттерді, жеке бастаманы, өндірістік қызметті орындау кезінде құрылады.

3. Ақпараттық жүйелер, олардың желілерін, қамтамасыз ету құралдарын қалыптастыру және қолдану барысында пайда болатын ақпараттық құқықтық қатынастар осындай ақпараттық үрдістерді жүзеге асыру кезінде пайда болатын ақпараттық құқықтық қатынастар, олардың қатысушыларының келесі міндеттері мен құқықтарына негізделеді:

ақпараттық жүйелерді, олардың желілерін, олардың қамтамасыз ету құралдарын қалыптастыруға және қолдануға құқығы (осы үрдістердің барлық қатысушылары);

осындай объектілерді құру кезіндегі шығармашылық қызмет нәтижесіне интеллектуалдық меншік құқығы (жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, мемлекеттік өкімет және өзін-өзі басқару органдары);

қолжетімділігі шектелген ақпарат үшін осындай объектілерді қалыптастыру құқығының шектелуі;

бекітілген құзыретке сәйкес ақпараттық жүйелерді, олардың желілерін, оларды қамтамасыз ету құралдарын құру және қолдану міндеті (мемлекеттік құрылымдар);

мемлекеттік қажеттілік үшін осындай объектілерді құру мақсатында келісім-шарттарды жасау және орындау бойынша міндет (жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, мемлекеттік билік және өзін-өзі басқару органдары);

жасалған өнімнің сапасыздығы, келісім-шартты орындау мерзімдерінің бұзылуы, басқа да құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік.

Бұл қатынастар тобы аталған ақпараттық объектілерге жеке мүліктік емес, жеке мүліктік және меншік құқықтарын қорғаумен байланысты диспозитивті реттеу әдістеріне, сонымен қатар мемлекеттік ақпараттық жүйелерді және оларды қамтамасыз ету құралдарын жобалау және пайдалану кезіндегі императивтік әдістерге негізделген.

Осындай объектілерді пайдалануды қамтамасыз ететін құрушылар мен субъектілер, сапасыз технологияларды құру мен оларды дұрыс қолданбағаны үшін азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

4. Ақпараттық қауіпсіздік құралдары мен тетіктерін қалыптастыру және қолдану кезінде пайда болатын ақпараттық құқықтық қатынастар ақпараттық қауіпсіздік ортасында негізгі қорғау объектісі болып келесілер табылады:

ақпараттық ортадағы азаматтың, қоғамның, мемлекеттің мүдделері (рухтанушылық, адамгершілік және тұлға мен қоғам дамуының интеллектуалдық деңгейі және т. б.):

қоғам демократиясы, білімі мен рухани байлығы;

мемлекеттің конституциялық құрылысы, егеменділігі және аумақтық тұтастығы;

ақпарат интеллектуалдық меншік ретінде;

құжатталған ақпарат, ақпараттық ресурстар, ақпараттық өнімдер, ақпараттық қызмет көрсетулер интеллектуалдық және заттық меншік ретінде;

ақпараты бар машиналық тасығыштар;

автоматтандырылған ақпараттық жүйе және оның желілерінің құрамындағы деректер қоры;

- ЭЕМ, олардың желілері, техникалық құралдары құрамындағы бағдарламалық құралдар;

Осы объектілерді қорғау үшін қауіптерді жою және алдын алуды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, техникалық, бағдарламалық, әлеуметтік, құқықтық және басқа да тетіктер қолданылады.

Осы топ қатысушыларының ақпараттық құқықтық қатынастары келесі құқықтар мен міндеттерге негізделген:

жеке тұлғаны сенімсіз, жалған ақпарат әсерінен қорғау құқығы;
ақпаратты, ақпараттық ресурстарды, өнімдерді рұқсат етілмеген қол жеткізуден қорғауға құқығы;

интеллектуалдық меншікті қорғау құқығы;
ақпараттық жүйелерді, ақпараттық технологияларды және оларды қамтамасыз ету құралдарын заттық меншік ретінде қорғау құқығы;

ақпараттық құқықтар мен бостандықтарды қорғау құқығы;
жеке құпияның ашылуына, сонымен қатар қолжетімділігі шектелген ақпаратты иесінің рұқсатынсыз жариялауға құқықтың шектелуі;

мемлекет пен қоғамды ақпараттың зиянды әрекетінен қорғау, ақпараттың өзін қорғау, жеке тұлға құқығын қорғау, құпияны қорғау бойынша міндет;

ақпараттық қауіпсіздікті, соның ішінде жеке тұлғаның құқығы мен бостандығын бұзғаны, құпия және ақпаратқа қол жетімділіктің басқа да шектеулері, компьютерлік қылмыстар үшін жауапкершілік.

Осы саладағы ақпараттық құқықтық қатынастар императивтік және диспозитивтік сипаттағы әдістермен реттеледі.

Ақпараттық құқықтық қатынас мазмұнын қарастыруды қорытындылай келе, келесіні ерекше айта кеткен жөн:

Ақпаратты құқықтық қатынас объектісі ретінде талдай отырып, оны тура жалпы, нақтыламай айтуға болмайды. Зерттеу объектісі болып, ең алдымен айналымдағы немесе оған байланысты туындайтын құқықпен реттелуге жататын ақпарат болуы керек.

Мұндай ақпаратты үш топқа бөлуге болады:

1) азаматтық айналымдағы, яғни бірінші кезекте соған байланысты мүліктік қатынастар пайда болатын ақпарат;

2) әкімшілік айналымдағы, яғни сол арқылы қоғамдық қатынастарды ақпараттық саладағы қатынастарды реттейтін. Мысалы, құқықтық норма мазмұнындағы ақпарат.

3. қоғамдық (бұқаралық) айналымдағы, өзімен ақпараттық сипаттағы мәлімет ұсынатын немесе халықты ақпараттандыруға арналған бұқаралық ақпарат.